- Voskresenskaya N.M. (2004) Opyt razrabotki standartov obrazovaniya v zarubezhnyh stranah. *Voprosy obrazovaniya*, 3, 143-161.
- Gershunskij B.S. (2002) Filosofiya obrazovaniya dlya XXI veka: *Uchebnoe posobie dlya samoobrazovaniya*. M.: Pedagogicheskoe obshchestvo Rossii, 508.
- Dzhurinskij A.N. (2017) Vysshee obrazovanie v sovremennoy mire: trendy i problemy: *Monograficheskie issledovaniya: pedagogika*. M.: Prometej, 184.
- Yurmasheva O.A., Piterskova T.A. (2009) Ponyatiya «Professional'naya podgotovka» i «Povyszenie kvalifikacii v rossijskoj i nemeckoj sistemah poslevuzovskogo pedagogicheskogo obrazovaniya. *Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta, Seriya: Pedagogika. Psihologiya. Sociokinetika*, 3, 15.
- Bajmoldaev T.M., Karakulov K.Zh. (2014) Osnovy upravleniya shkoloy (uchebnoe posobie). *Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij*, 6, 99-101 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://applied-research.ru/ru/article/view?id=5212> (data obrashcheniya: 25.11.2023).

- Gabdrakhmanova Sh.T. (2014) Organizatsiya urovnevnykh kursov povysheniya kvalifikatsii. *Spravochnik rukovoditelya obrazovatel'nogo uchrezhdeniya*, 8, 64-66.
- Karakulov K.Zh., Zholdasbekov A.A. (2016) Nauchno-issledovatel'skaya i pedagogicheskaya podgotovka budushchih uchitelej k innovatsionnoj deyatel'nosti. *Mezhdunarodnyj zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya*, 6, 1, 27-29.
- Taubaeva Sh.T., Laktionova S.N. (2001) *Pedagogicheskaya innovatika kak teoriya i praktika novovvedenij v sisteme obrazovaniya*. Almaty: NIC Galym, 295.
- Ancyferova L.I. (2006) *Razvitie lichnosti i problemy gerontopsihologii*. Izdanie 2, ispravlennoe i dopolnennoe. M.: Institut psihologii RAN, 512.
- Davydov V.V. (1996) *Teoriya razvivayushchego obucheniya*. Moskva: Intor, 185.
- Petrovskij A.V. (1978) *Psihologiya kollektiva*. Moskva: Prosveshchenie, 176.
- Shejn E. (1980) *Metodika diagnostiki cennostnykh orientacij v kar'ere* (perevod i adaptatsiya V.A.Chiker, V.E.Vinokurova) [Elektronnyj resurs]: URL: <https://testoteka.narod.ru/prof/1/10.html> (data obrashcheniya: 25.10.2023).
- Zhdanovich A.A., Mogilevkin E.A., Novgorodov A.S. (2010) Test Kar'ernye orientatsii (yakorya kar'ery). *Enciklopediya Kar'era: ezhegodnyj spravochnik po trudoustrojstvu i postroeniyu kar'ery*, 14-26 [Elektronnyj resurs]: URL: www.mgt.vvsu.ru/science/pub/details/material/8002/test_karernye_orientatsii_karernye (data obrashcheniya: 01.12.2023).
- Koncepciya obucheniya (2021) Ob utverzhdenii Koncepcii obucheniya v techenie vsej zhizni. *Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan*, 8 iyulya, 471 [Elektronnyj resurs]: URL: www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000471 (data obrashcheniya: 15.12.2023).
- Mahutov B.N., Bauer E.A., Zimankov A.N. (2014) Razvitie professional'noj kompetentnosti specialista v sovremennykh pravovykh usloviyakh dopolnitel'nogo professional'nogo obrazovaniya. *Koncept*, 20, 4371-4375 [Elektronnyj resurs]: URL: <http://e-koncept.ru/2014/55139.htm> (data obrashcheniya: 15.12.2023)
- Prikaz MON RK (2022) O vnesenii izmeneniya v prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 27 yanvarya 2016 № 83. *Prikaz Ministra prosveshcheniya Respubliki Kazahstan*, 30 dekabrya, 533 [Elektronnyj resurs]: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031490> (data obrashcheniya: 20.12.2023).

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін даму факторы ретінде білімділікті даму жүйесі

¹T.B.Жукова, ¹B.Г.Хлыстун

¹Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті (Петропавл, Қазақстан)

Аңдапта

Инновациялық процестер, үнемі жаңарып отыратын өндіріс жағдайында білім мен дағдылардың ескіру жылдамдығын арттыру, білім беру саласындағы мемлекет саясатының басым бағыттары кәсіби құзыретті педагогтерге деген қажеттіліктің артуына әкеп соғады. Негізгі буын біліктілікті арттыру болып табылады, оның басты міндеті қойылған міндеттерді іске асыруға инновациялық тәсілдерді қалыптастыру болып табылады. Мәселелерді шешудің жаңа әдіснамалық тәсілдерін іздеу мұғалімдерді бейресми оқытуды ұйымдастырудың тарихи тәжірибесін зерделеу, олардың өзара әсерін тұтастай білім беру жүйесінің өзара байланысты элементтері ретінде анықтау қажеттілігі туралы мәселені көтереді. Мақалада кәсіби даму жүйесін құрудың халықаралық тәжірибесін талдау нәтижелері, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Музыкалық пәндер» кафедрасының жұмыс мысалында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға арналған біліктілікті арттыру курстарының маңызы келтірілген.

Түйін сөздер: білім беру, біліктілікті арттыру, заманауи технологиялар, даму, педагогтердің бейресми білімі, білім беру жүйесі.

The system of professional development as a factor in the development of the professional competence of teachers

¹T.V.Zhukova, ¹V.G.Hlystun

¹Manash Kozybaev North Kazakhstan University (Petropavlovsk, Kazakhstan)

Abstract

Innovative processes, an increase in the rate of obsolescence of knowledge and skills in conditions of constantly updating production, priority areas of state policy in the field of education entail an increase in the need for professionally competent teachers. Professional development becomes a key element, the main task of which is to form innovative approaches to the implementation of the tasks set. The search for new methodological approaches to solving problems raises the question of the need to study the historical experience of organizing non-formal education for teachers, to identify their mutual influence as interrelated elements of the educational system as a whole. The article presents the results of the analysis of international experience in building a professional development system, the importance of advanced training courses for the formation of professional competencies on the example of the work of the Department of Musical Disciplines of the M.Kozybaev North Kazakhstan University.

Keywords: education, advanced training, modern technologies, development, non-formal education of teachers, education system.

Поступила в редакцию: 24.01.2024

Одобрена: 02.03.2024

Первая публикация на сайте: 24.10.2024

MPHTI: 14.07.05

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-4.07>

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

^{*1}Ж.Ж.КУАТОВА, ¹К.И.МАХМУТОВА, ²Р.М.МЕДЕТОВА

¹Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Шымкент, Қазақстан)

²Тәрбие педагогикасы ұлттық институты (Ташкент, Өзбекстан)

*zuz100997@gmail.com, mahmutovakulsara@gmail.com, medetova.raushan@mail.ru

Аннотация

Мақалада қазіргі уақытта «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылып жатқан мектептердегі тәрбие жұмысының барысына талдау жасап қарастырады. Авторлар мектепте білімалушыларға тәрбие беру іс шараларында халықтық педагогика құралдарын қолдану мен енгізудің маңыздылығын атап көрсетеді. Тәрбие жұмысының мазмұнын халықтық тәрбие құралдары арқылы байыту оқушыларда ұлттық сана, ұлттық рух, адамгершілік құндылықтар сияқты қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін осындай тәрбие беру ортасын құру тетіктерін ұсынып отыр. Бұл жұмыста мектептегі «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мазмұнын заман талабына сай оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие сағаттарын енгізудің практикалық тәжірибесін талдауды камтиды және зерттеу нәтижелері негізінде осы өзгерістердің тиімділігіне баға береді. Қорытындылай келе, мектептегі тәрбие сағаттарының мазмұнын халықтық педагогика құралдары арқылы байыту бүгінгі жастар арасында көрініс беріп жүрген мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Түйін сөздер: ұлттық тәрбие, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, халықтық педагогика, ұлттық рух, өзін-өзі тану, тәрбие жұмысы, бірыңғай тәрбие бағдарламасы.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым –Жомарт Тоқаев «Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтатын болсақ, пиғыл өзгермесе ештеңе өзгермейді» деп тәрбие жүйесін жаңғырту қажеттігін атап өткен болатын. Әділетті Қазақстан құру үшін әрбір отандасымыз ар-ожданы жоғары, адал азамат болуға ұмтылуы керек. Осы тұрғыдан, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жастардың бойына адалдық, әділдік, жауапкершілік, ұлттық сана-сезім және моральдық құндылықтарды сіңірудің негізі ретінде енгізілуі маңызды [Тоқаев Қ.К., 2024].

Осы орайда, Оқу-ағарту министрлігі барлық тәрбие іс-шараларын бағдарлама аясында біріздендіруді жүзеге асыруда. Бағдарлама мазмұнына сәйкес, білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесі құндылыққа және құзіреттілікке бағдарланған тәсілдер арқылы жүргізіледі. Құндылықтарды бала бойына сіңіру олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, танымдық, практикалық және эмоционалды компоненттерді қамту арқылы іске асырылады. Танымдық компонент - әрбір құндылықтың мәні мен мазмұнын ұғынуды қамтамасыз етеді. Практикалық компонент - балалардың осы құндылықтарды іс жүзінде әрекет арқылы іске асыруына мүмкіндік береді. Ал эмоционалды компонент - құндылықтарды өмірлік әдетке, күнделікті дағдыға айналдырады.

Қазіргі техника дамыған уақытта еліміз көптеген жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындырып жүрсекте, қоғамда ұлттық сана, рух әлсіреп, жастардың ана тіліне, мәдениетіне деген құрметі төмендеп кеткен. Жастарымыздың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар, перзенттік, азаматтық борыш, міндет деген түсініктердің мәні құнсызданып кетті, жастардың бойында зорлық зомбылық, қатыгездік, суицид және т.б осы сияқты жағымсыз құбылыстар басым алууда.

Қазақ халқында «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деп баланы осындай қағида негізінде тәрбиелеп мейірімге баулыған қазақ халықпыз. Халық ұрпағына тәрбие беруде отбасында салт-дәстүр, ырым тыйымдарды, халық ауыз әдебиет шығармаларының тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған. Бүгінгі таңда біз өзіміздің көне тәрбие дәстүрлерін ұмытып, басқа елдердің дәстүрімен өмір салтына бейімдеп тәрбие берудеміз. Бұл жағдай білім беру саласындағы ұрпақ тәрбие жүйесінің құлдырауын білдіреді. Тәрбие ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болады. Осы өскелең ұрпағымыз қазақ ұлтының сапасын құрайды. Сондықтан өскелең ұрпақтың бойында ар-намыс, қадір-қасиет, адалдық, әдептілік, отансүйгіштік, мейірімділік, жауапкершілік, еңбекқорлық, үлкенге құрмет кішіге ізет, сүйіспеншілік және басқада жағымды қасиеттерге ие азаматты тәрбиелеу маңызды. Осы ретте Қазақ халқының педагогы алғаш педагогика оқулығын қазақ тілінде жазған Мағжан Жұмабаев, «Педагогика» деген еңбегінде «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»деп тәрбиені ұлттық бағытта беруді дұрыс деп санаған [Жұмабаев М., 2022].

Алайда, бүгінгі таңда мектептерде тәрбие жұмыстары толық жүйелі жүргізіліп отырған жоқ. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев: «Мектеп тек білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек» деп, тәрбие мен білімді үйлестірудің маңыздылығын атап өтті. Чех педагогы Я.А.Коменский «Мектеп – адамгершілік шеберханасы» деп бағалаған, бұл мектептің тәрбие мен білімді қатар жүргізу міндетін көрсетеді [Тоқаев Қ.К., 2024]. Демек, қазіргі таңда оқушыларға қажетті тәрбие мен білім беруді ұйымдастыруда ұлттық құндылықтарды, соның ішінде «Адал азамат» бағдарламасын енгізу маңызды.

Негізгі бөлім

Елімізде білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығымен бекітіліп мектептерде іске асырылып келеді [ӨҰ, 2024]. Бұл бағдарламаның мақсаты: тәуелсіздік және Отаншылдық, бірлік және ынтымақ, жасампаздық және жаңашылдық, заң және тәртіп, әділдік және жауапкершілік, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік сияқты құндылықтарды жастар бойында қалыптастыруды көздейді. Бағдарламаны іске асыру құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдемелеріне негізделеді. Олар оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың өзара үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді. Бағдарламада қазіргі қоғамдағы тәрбиенің өзекті мәселелері болып тұрған: Вейп, нашақорлық, буллинг, вандализм, ысырапшылдық, лудомания, зорлық-зомбылық сияқты жастар арасында кең таралып жүрген індеттерге қарсы тұруға дайындауға

бағытталады. Бағдарлама бүгінгі таңда барлық еліміздегі мектептерде тәрбие жұмысының жоспарында негізге алынатын құжат. Біз Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ ғалым оқытушылары мен Түркістан облысының ардагерлер кеңесімен бірлесе отырып бағдарлама мазмұнын ұлттық тәрбие беру мен толықтыру қажет деп есептейміз. Университетіміз Түркістан облысы ардагерлер кеңесімен бірлесе отырып көптеген іс-шаралар ұйымдастырып өткізуде соның бірі 29.01.2024 ж. «Жаһандану жағдайындағы біртұтас тәрбие мәселелері» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Жаһандану жағдайында жастар тәрбиесіндегі ұлттық және ғаламдық құндылықтардың арақатынасы мен біртұтас тәрбие бағдарламасын талқылау, жетілдіру жолдарын анықтау болатын.

Іс шара барысында мектептегі тәрбие жұмысын жүргізудегі өзекті мәселелер талқыланып, қандай қиындықтар кездесуде тәрбие беруде оларды тиімді шешу жолдары қарастырылды. Мұндай іс шараларды өткізудегі бірнеше мақсаттар болды: бірлесе отырып жоғары оқу орны мен мектеп арасындағы байланыстар арқылы тәрбие жұмысын заман талабына сай жетілдіру; тәрбие жұмысына қоғамдағы бірлестіктің ұлттық тәрбие берудегі потенциалын пайдалану жолдарын қарастыру. Себебі бүгінгі таңда ондай мүмкіндік беріліп отыр, ол жоғары оқу орындарында елімізде Күміс университеті жобасы. Қазақстанда 2021 жылдан бастап "Күміс университет" жобасы іске асырылуда, ол жоғары буынға түрлі бағыттар бойынша білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді. «Күміс университеті» - бұл егде жастағы адамдарға екінші мамандық алуға көмектесетін халықаралық қозғалыс. Күміс университеті бағдарламасы бойынша біздің «Педагогика» кафедрасы «Қазақ салт дәстүрлерін негізінде отбасылық тәрбие беру» курсының бағдарламасы жасалынылып бекітуге ұсынылуда. Курсты оқыту 50 жастан асқан азаматтарды белсенді етіп, өзін-өзі дамытуды қолдауға бағытталған әлеуметтік қызмет көрсетуді қамтиды. Мақсаты: қазақ отбасындағы тәрбие ережелеріне сүйене отырып жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған педагогикалық тұрғыдан сауаттандыру.

Қазақ отбасындағы тәрбие белгілі бір ережелерге сүйенді:

Үлкенді құрметтеу туралы ереже. Қазақ халқының ең қастерлі адамдары аталары мен әжелері болды. «Қарттар бар үй даңқ пен байлыққа толы» деп, оларға ерекше құрмет көрсетілді.

Туысқандар арасындағы үлгілі қарым-қатынастар. Туысқандар арасындағы үлгілі қарым-қатынастар үлкендердің және кішілердің өзара сыйластығы, ұқыптылығы, кішіпейілділігі, қырағылығы, адалдығы, адалдығы және шынайылығы негізінде құрылады.

Отбасындағы ер адамның беделі. Отбасындағы ер адамның беделі көбінесе оның ақылымен және табысымен қамтамасыз етіледі, яғни ер адам отбасының сұраныстарын қаншалықты толық қанағаттандырады, оның жағдайы соншалықты жоғары. Осылайша, кез келген жағдайда қазақ отбасы өз заманының азаматын баладан қалыптастырған тәрбиелеу институты болып қала берді.

Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді қазақ халқы. Отбасында қандай тәрбие көрсе, бала ержеткенде сол тәрбиені қоғамда, өзі жүрген ортасында қолданады. Ата-анасының мейіріміне бөленіп, жақсы мен жаманды ажыратуды үйреніп, санасына игі мақсаттарды, рухани құндылықтарды сіңіріп өскен баладан нағыз елін, жерін сүйген патриот, адамгершілігі мол азамат қалыптасатыны анық. Бала тәрбиесіндегі дәстүрлер, қалыптасқан әдет-ғұрыптар әр отбасында әртүрлі. Жеткіншектің азамат болып өсуіне отбасындағы өзара қарым-қатынастың әсері күшті.

Ұлттық тәрбие беру мәселелесі әркезде қоғамда өзекті болып келген. Әрбір халықтың өсіп өркендеуі үшін қоғам ортада қалыптасқан рухани, мәдени құндылықтарды сақтап дамытып отыру қажет. Ондай болмаған жағдайда халықтың біртұтас дүниетанымы ыдырай бастайды, бұл әртүрлі бағыттағы көзқарастар қоғамда үстемдігін жүргізуге жағдай жасайды. Қазақ батыры Б.Момышұлының «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлық та мінез секілді өскен

орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деген сөзі бар. Демек біз, өскелең ұрпағымызға сондай орта құрған жағдайда оларда өз ұлтымызға тән қасиеттерді қалыптастыра аламыз. Сол себептен тәрбие бағдарламасының мазмұнын ұлттық мазмұнмен байытуды мақсат етіп жұмыс жасаудамыз.

Әдеби шолу

Ұрпақ тәрбиесі әр кезде қазақ ағартушылардың еңбектерінің өзекті мәселелері болып келді Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайберді, М.Жұмабаевтар халық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берген. Сондай ақ халықтық педагогика, этнопедагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н.Волков, Е.Л.Христова, З.Ә.Әбілова, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев, А.Қалыбекова, Қ.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев, С.Ұзақбаева сияқты педагог-ғалымдарымыз еңбектерінде жан- жақты қарастырылған. Халық педагогикасы құралдары негізінде оқушыларға ұлттық тәлім тәрбие беру мәселелері: Алметов Н.Ш., Битабаров Е.А., Төлеубекова Р.К., Айтжанова А.Б., Қуатова Ж.Ж., Садирмекова Ж.Б зерттеген. Бүгінгі таңда зерттеген ғалымдар этнопедагогика ұғымына көптеген анықтама берілген. Солардың кей біріне тоқталайық.

Этнопедагогика ұғымын тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н.Волков «Этнопедагогика белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы халықтық ғылым болып табылады» [Қожахметова К.Ж., 2014].

Отандық ғалым С.Қалиев «халықтық педагогика сан ғасырлар бойы ұрпақтарды тәрбиелеуде тәжірибеге негізделген прогрессивті ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлер жиынтығы»деп түсіндіреді [Жарықбаев Қ., Қалиев С.,1994].

Профессор А.А.Қалыбекова «халықтық педагогика» тәрбиелеу ісіне тікелей және жанама қызмет ететін халық шығармашылығы» деп анықтама береді [Қалыбекова А.А., 2005].

Профессор Қ.Бөлеев «Қазақ этнопедагогикасының мазмұны» атты мақаласында «...қазақ халқының жас ұрпағын тәрбиелеу бойынша сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогикасы бар. Ол – тәрбиенің бастауы, қайнар көзі және тәрбие жөніндегі халықтың жинақталған тәжірибесі мен білімі. Кең мағынада алғанда қазақ халық педагогикасы- тәрбие ісіне қызмет ететін халық шығармашылығының барлық түрлері: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мерекелер, ұлттық ойындар, ауыз әдебиеті, қол өнері, ән, би, күй өнерлері, еңбек әрекеттері т.б.» деп көрсетеді [Бөлеев Қ., 2015].

Жоғарыда еңбектерге жасалған теориялық шолу негізінде біз, *халықтық педагогика ұрпақты тәрбиелеуде халықтық сыннан өткен рухани тәжірибесі* деп түсінеміз. Демек, жас ұрпақты тәрбиелеуде халықтық педагогика ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлерді, тұрмыстағы халық шығармашылығының түрлерін пайдалану. Біз, толығырақ нәтиже бөлімінде ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлерді бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінде пайдалану жолдарын қарастырамыз.

Тарих ғылымдарының кандидаты Г.У.Оспанова «Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді қалыптастыру» атты мақаласында ұлттық тәрбие берудің бүгінгі таңда маңыздылығын атап, «ұлттық тәрбиеге ықпал жасайтын әлеуметтік факторлардың ұлт тарихы, ұлттық материалдық және рухани мәдениет, халық фольклоры, дәстүрлер мен салт-жоралғылар, ұлттық психологияның элементтері, саясат пен қоғам идеологиясы әсер етеді. Осы тұрғыдан ұлттық тәрбиені қалыптастыратын өрісі жайлы айтылып жүр. Мұның арасынан тек мектеп оқушылары ғана емес, жоғары білімді мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасының қолға алынуы құптарлық нәрсе» деп жазады. Ғалым бұл проблеманың шешу жолдарын еліміз көпұлтты ел сондықтан оқу процесі ғана емес мәдени көп шараларды оқушыларға ұлттық тәрбие беруде түрлі тәсілдерді тиімді пайдалану қажеттігін атап өтеді. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан- ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол өскелең ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие мұрасы деп қарастырады [Оспанова Г.У., 2015].

Профессор А.Қ.Құсайынов «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» атты мақаласында мектептегі ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің бағыттарын анықтап тиімді жолдары ретінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беруді іске асыру механизмін ұсынып отыр. Сонымен бірге қазіргі жағдайларда ұрпақ тәрбиесін жетілдірудің мүмкіндіктері ретінде «...тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс сабақтарды баланың ұлттық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағыттарда ұйымдастыру, тәрбиешілердің жүргізетін жұмыстарының бағдарламасына этнопедагогикалық өзгерістерді енгізу» қажеттігін атап өтеді. Осы дәйектемеде ұрпақ тәрбиесін жүргізуде ұлттық мазмұнмен байыту мен бағыттау маңыздығын алға тартқан. Мақалада өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру маңыздылығын ашып көрсетілген [Құсайынов А.Қ., 2023].

Профессор К.К.Жампеисова «Қазақстан Республикасының оқушы жастарын ұлттық тәрбиелеу моделі» атты мақаласында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдары әзірлеген Қазақстан Республикасындағы оқушы жастарды ұлттық тәрбиелеу моделі талданып және сипатталған. Автор еліміз көпұлтты Қазақстан жағдайында ұлттық тәрбие ұлттық сананы қалыптастыруда шешуші рөл атқарады, қазіргі әлеуметтік-мәдени шындықтар ұлттық тәрбиеге жаңа көзқарасты талап етеді деп тұжырымдайды. Мақалада ұлттық тәрбие беру моделін келесідей құрылымдарын қарастырылады. Үш негізгі компонентті қамтитын жаңа модель ұсынылған, біріншісі Этникалық (этноформациялаушы): ұлттық мәдени кодты сақтауға бағытталған. Азаматтық компонент азаматтық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастыруға бағытталған. Жалпыұлттық компоненті зияткерлік және бәсекеге қабілетті ұлтты дамытуға бағытталған деп көрсетілген. Модель этникалық әлеуметтенуден азаматтық, содан кейін жалпыұлттық сәйкестендіруге дейін ұлттық сананың кезең-кезеңімен қалыптасуын қамтиды. Модель компоненттерінің мазмұны беріледі: Этникалық компонент: Қазақ халқының тілін, дәстүрлерін, тарихын сақтаудың маңыздылығы атап өтіледі. Этникалық сәйкестікті және өз жері үшін жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталады. Азаматтық компонент: Қазақстандық патриотизмді және мәдени әртүрлілікті құрметтеуді қалыптастыру. Азаматтық жауапкершілік пен Қазақстанның біртұтас халқына тиесілік сезімін дамыту. Келесі кмплненті Жалпыұлттық компонент: Жастардың зияткерлік әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту. Жалпыұлттық бірегейлікті қалыптастыру және елдің өркендеуіне ұмтылу деп тұжырымдайды. Бұл мақалада ұлттық тәрбие беруде осы компонент негізінде іске асыру идеясы орын алады [Жампеисова К.К., 2020].

Еліміздің ғалымдары Л.Н.Навий, А.Е.Журунтаева «Наука и реальность» басылымда жарық көрген «Оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық негіздері» атты мақаласында қазіргі қазақстандық қоғам контекстінде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық негіздерін қарастырады. Авторлар жеке тұлғаны қалыптастырудағы халықтық педагогика мен ұлттық мәдени құндылықтардың рөліне назар аударады. Қазіргі әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайында ұлттық тәрбие мәдени бірегейлікті сақтаудың негізгі факторына айналып отырғанын мәлімдейді. Бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің өзектілігі халықтық педагогика ұлттық тәжірибе мен білімнің қазынасы ретінде түсіндіріледі, ұрпаққа тәрбие беруде дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, фольклорды қолдану адамгершілік қасиеттер мен ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етеді деп есептейді. Мақалада оқушылардың ұлттық тәрбиесіне бағытталған заманауи бағдарламалар мен оқу материалдарын талдап, халықтық педагогиканы қазіргі білім беру процесіне біріктіру қажеттілігіне баса назар аударылады [Навий Л.Н., Журунтаева А.Е., 2022].

Ұлттық тәрбие беру мәселелері бүгінгі таңда шетел ғалымдарында өзекті болып отыр, этнопедагогика мәселелерін зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне тоқталатын болсақ, Индонезияда Джокарт мемлекеттік университетінің бір топ ғалымдары С.А.Сакти, С.Эндрасвара, А.Рохман: «Возрождение местной мудрости в рамках обучения через этнопедагогики дошкольного образование в Джокьякарте» атты мақаласында Индонезияның Джокарта қаласында мектеп жасына дейінгі балаларға білім беруде этнопедагогикалық тәсілдің қолданылуын зерттейді. Авторлар жергілікті мәдени дәстүрлер мен тәжірибелерді

қолдана отырып, балалардың жеке қасиеттерін қалыптастырудың білім беру процесінде этнопедагогикалық тәсілдер деңгейін біріктіреді. Олар балаларды тәрбиелеуде жергілікті даналық пайдалану маңыздылығын рөлін атап өтеді, жергілікті даналық пайдалану баланың жеке басының дамуына ықпал ететін құрмет, жауапкершілік және ынтымақтастық сияқты адамзаттың дамуына қызмет ете алатындығына назар аударады. Балалар жергілікті дәстүрлер мен көзқарастар туралы біле отырып, әртүрлі мәдени және құндылық жүйелеріне эмпатия мен өзара сыйластықты дамытады. Авторлар этнопедагогикалық тәсіл балалардың мінез-құлқын тәрбиелеуді жақсарту жолдары ретінде жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді оқу бағдарламасына енгізу, бұл балаларға оқуды мағыналы және түсінікті етеді, бұл олардың қатысуын және мінез құндылықтарын түсінуін арттырады деп есептейді. Белсенді оқыту тәжірибесі ретінде ұлттық ойындар, әңгімелеу және қоғамдастыққа бару сияқты практикалық әрекеттерді қолдана отырып, балалар жағымды қасиеттер мен әлеуметтік дағдыларды нығайтатын практикалық тәжірибе алады деп жазады. Нәтижелердің сенімділігін арттыру үшін бақылау, сұхбат және құжаттама сияқты деректерді жинау әдістеріне назар аударылады [Sakti S.A. et all, 2024].

Келесі ғалымдар Халықаралық білім беруді бағалау және зерттеу журналында «Сасактың жергілікті даналыққа негізделген мінез-құлық тәрбиесінің өзектілігі Индонезияның Шығыс Ломбок қаласындағы Бастауыш мектеп үшін» атты мақаласында Индонезияның Шығыс Ломбок қаласындағы жергілікті даналықты, атап айтқанда сақтардың этникалық тобын мінез-құлық тәрбиесін бастауыш мектебіне біріктірудің маңыздылығы талқыланады. Авторлар мақалада мінезді тәрбиелеуде жергілікті даналығының өзектілігіне атап өтеді. Индонезия білім беру саласында тәрбие беруде қиындықтар бар екенін, соның ішінде білімалушылар арасында моральдық және этикалық құндылықтардың төмендеуі, олар жауапты және этикалық азаматтарды қалыптастыру үшін мінезді тәрбиелеу өте маңызды екенін атап көрсетеді. Мақалада Сасактың жергілікті даналығының байлығы және оның мінезді тәрбиелеудің әлеуеті көрсетілген. Шығыс Ломбоктың бастауыш мектептерінде мінез-құлықты тәрбиелеудің құрылымдық моделіне айтарлықтай қажеттілік бар дей келе, Сасактың жергілікті даналығы мінездің дамуына ықпал ететін құнды этикалық және моральдық принциптерді ұсынады. Ғалымдар жоғарыда айтылған модельді тиімді іске асыруда саяси қолдау, оқу бағдарламаларын түзетуді және мұғалімдерді даярлауды қажет деп есептейді [Tohril A. et all, 2022].

Келесі А.А.Аммаеваның «Халық тәрбиесінің мәні мен ерекшелігі» атты мақаласы Дағыстандағы халық тәрбиесінің мәні мен ерекшелігін зерттеуге арналған. Автор тәрбиенің дәстүрлі әдістерін адамгершілік нормалар мен рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беру тәсілі ретінде қарастырады. Мақалада халықтық тәрбие ұжымдық өмірлік тәжірибе негізінде жасалған моральдық-этикалық нормаларға негізделген әлеуметтену процесі ретінде берілген. Дәстүрлі тәрбиенің маңызды институты ретінде отбасының рөліне ерекше назар аударылады. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар халық тәрбиесінің жетекші құралдары болып табылады дей келе, Дагестан халықтық тәрбиесінің ерекшелігі ретінде исламдық моральмен рухани құндылықтармен тығыз байланыстығы айтылады. Автор халықтық және ғылыми педагогиканың жетістіктерін үйлестіру қажеттілігін атап өтеді және халық тәрбиесін жаңғырту қажетігі қарастырылады. Халық педагогикасы өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесінде маңызды рөл атқаратындығы, дәстүрлер мен прогрестің үйлесуі халықтың рухани мәдениетінің табысты дамуының негізі болып табылады деп дәстүрлерді жаңғырту және сақтау ұрпақтар арасындағы моральдық байланыстарды нығайтуға ықпал ету маңызыдылығы айтылады. Мақаладағы түпкі ой бүгінгі тәрбие және білім беру жүйесіне рухани-адамгершілік құндылыққа негізделген халықтық тәрбиені интеграциялау арқылы болашақ ұрпақтың тәрбиесін жетілдіру [Аммаева А.А., 2023].

Жоғарыда жасалынған талдау негізінде біз бүгінгі таңда көптеген халықтар тәрбие жүйесін ұлттық тұрғыда беруге бетбұрыс болып жатқандығы байқалады. Бұл дегеніміз ұлттық тәрбие беру мәселесі барлық елдерге өзекті болып отырған проблема.

Әдістер

Зерттеу жұмысында біз этнопедагогика саласын зерттеген ғалымдардың жұмыстарына талдау жасап «ұлттық тәрбие», «этнопедагогика», салт-дәстүр, әдет-ғұрып деген ұғымының анықтамасын қарастырдық. Зерттеуде әдебиеттерді талдау мен эмпирикалық әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер мен пікір алмасу

Халықтық педагогиканың тәрбие құралдары әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлерді, халық ауыз әдебиеті және т.б. арқылы жастарға ұлттық тәрбие беру. Ұлттық тәрбие берудің мақсаты – жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, патриотизмді, және мәдениетке деген құрметті қалыптастыру. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер – бұл біздің мәдениетіміздің негізі. Ұлттық тәрбие мен азаматтық тәрбиенің байланысы жастардың қоғамдағы рөлін, жауапкершілігін және ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталады.

М.Жұмабаев: «...әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс» деген болатын [Жұмабаев М., 2022]. Біз бұл мәселелені шешуде педагогикалық жоғары оқу орындары ұлттық тәрбие жайлы түсінік беретін «Этнопедагогика» деген пәнді педагог мамандарды даярлаудың бағдарламасына қосу керек деп есептейміз. Бұл пән көптеген жоғары оқу орындарында бұрынғы кезде өтілетін. Қазіргі таңда мектепте ұлттық тәрбие беруді талап ету үшін, сондай білім мен педагог мамандарды даярлау қажет. Білім беру әлемдік деңгейде жүргізілуі қажет, ал тәрбие ұлттық сипатта болуы тиіс екендігін маңызды. Қазақ жастарының бойында қазақ халқының жақсы ізгі қасиеттері бойында табылуы қажет дей келе, сынып жетекшілер тәрбие сағатарын халықтық мазмұнда байытылған тұрғыда ұйымдастырып өткізсе. Бүгінгі таңда педагог дайындайтын оқу орындары халықтық педагогика жайында түсінік қалыптастыратын пәндер еңгізілсе, мектептегі тәрбие сағаттарына аталар, әкелер кеңесімен бірлесе өтілсе. Тәрбие сағаттарында қазақ халықтық педагогика құралдары пайдалану бойынша төмендегідей ұсыныс жасап отырмыз. Біртұтас тәрбие бағдарламасынан алынған құндылықтарды негізге ала отырып халықтық педагогика құралдарын интеграциялау жолдарын ұсынамыз.

Педагогикада ғылымында тәрбие теориясы бөлімінде тәрбие шаралары мынандай компоненттерден тұрады: танымдық, практикалық, эмоционалды, демек осы құндылықтарды қалыптастыратын халықтық педагогика құралдарын қарастыру қажет. Біз төменде 1 кестеде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында алынған құндылықтар негізінде ұлттық тәрбие беруге бағыттау жолдарын қарастырып ұсынып отырмыз [Біртұтас тәрбие, 2024].

1-кесте

Құндылық негізінде ұлттық тәрбие беру

Құндылықтар	Мақсаты	Мазмұны
Тәуелсіздік және Отаншылдық	Біртұтас тәрбие бағдарламасында құндылықтарды ұлттық рух пен сананы оятуда дәріптеу.	Тәуелсіздік және Отаншылдық насихаттайтын ауыз әдебиет шығармалары мен әдет ғұрыптарды, батырлар ерлігімен таныстыру. Бүгінгі таңда батырлық белгілері, ерлік Бүгінгі таңда қайырымдылық патриоттық жарқын көрінісі ретінде қазақтың қайырымдылық салт-дәстүрлерімен таныстыру (жылу жинау, асар).
Бірлік және Ынтымақ	Қоғамда бірлік пен ынтымақтасты дәріптеу	Бірлік ынтымақты білдіретін қазақтың салт дәстүрлері мен әдет ғұрыптары мен таныстыру олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсету.
Жасампаздық және Жаңашылдық	Оқушы жастар заман талабына сай зерттеуге жаңашылдыққа қызығушылығын ояту.	Жасампаздық және жаңашылдық Жастардың жаңашылдыққа құмарлығын оятуда. А.Құнанбаевтың қара сөздері мен өлеңдері. Ұлы дара тұлғаларының туындыларымен таныстыру.

Заң және Тәртіп	Өз құқықтарын білу сонымен бірге міндеттерін орындауға үйрету.	Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел-құл болмайды. Б.Момышұлы. Қоғамдағы заң, тәртіпті білу, ұстану маңыздылығы.
Әділдік және Жауапкершілік	Жастарда әділдік, моральдық, жауапкершілік пен адалдық қасиеттерін қалыптастыру.	Адалдық пен әділдікке тәрбиелеу Абайдың «Толық адам» ілімі. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау; адал кісінің ісін насихаттау
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Еңбек етуге еңбек адамдарын құрметтеуге және кәсіби тұрғыдан білімді болудың маңыздылығын түсіндіру.	Еңбегінен ел таныр. Еңбегіне қарай құрмет, жасына қарай ізет. Қазақ көне өнер түрлерімен таныстыру. Ө.Жәнібеков және қазақтың ұлттық өнері. Ө.Жәнібеков ұлт мәдениетінің ұлықтаған тұлға. Бүгінгі таңда жастардың кәсіп таңдау мәселесі.

Қорытынды

Ұрпақ тәрбиесі бүгінгі таңда толықанды жүйелі жүргізілу керек, біз жастарымыздың бойында ізгілік пен мейірімділік қатар озық ойлы азаматты тәрбиелеуді мақсат етіп сол бағытта мектеп-қоғам-жоғары оқу орны бірлесе жұмыс жасау керек. Қазіргі таңда мектепке тәрбие жұмысын ұлттық бағытта жүргізуге әдістемелік тұрғыдан әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету. Сондықтан бүгінгі таңда мектептегі тәрбие жұмысын жетілдіруде төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Тәрбие іс шаралары ұлттық тәрбие беруге бағытталауы керек.
2. Ұлттық тәрбие беруді тиімді ұйымдастыруға үйрететін мектеп оқытушыларына жоғары оқу орындарымен бірлесе вебинар дөңгелек үстелдер ұйымдастырып өткізу керек.
3. Ұлттық тәрбие беруде ата аналарды, ата әжелерді, дәстүр орталықтарын тарту.

Осындай іс шараларды ұйымдастыру арқылы біз, мектептегі ұрпаққа тәрбие беру жүйесін жетілдіруде кешенді жүргізуге болады деп есептейміз.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

- Тоқаев Қ.К. (2024) Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс. *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі*, 15 наурыз [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).
- Жұмабаев М. (2022) *Педагогика*. Нұр-Сұлтан: Издательство, 160 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.scribd.com/document> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).
- ӨҰ (2024) *Білім беру ұйымдарында қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру және бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар*. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 200 [Электрондық ресурс]: URL: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).
- Кожаметова К.Ж. (2014) *Этнопедагогика: Оқулық*. Алматы: Қазақ университеті, 256 [Электрондық ресурс]: URL: <http://elib.wku.edu.kz/lib/document/KNIGI/FD28B989-4E71-4487-9240-E02D2F2CB333/> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).
- Жарықбаев Қ., Қалиев С. (1994) *Қазақтың тәлімдік ой-пікір тарихынан*. Алматы: Рауан, 320 [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.myuniversity.ru> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).
- Калыбекова А.А. (2005) *Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов: Монография*. Алматы: БАҰР, 363 [Электрондық ресурс]: URL: https://rusneb.ru/catalog/000200_000018_RU_NLR_bibl_1255434/ (өтінім берілген күні: 15.03.2025).
- Бөлесев Қ. (2015) *Халықтық білімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану туралы. Ұлттық тәрбие*, 1, 40-51 [Электрондық ресурс]: URL: <https://nabrk.kz/kk/e-catalog?> (өтінім берілген күні: 10.03.2025).

- Оспанова Г.У. (2015) Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді қалыптастыру. *Молодой ученый: Педагогика*, 7.2(87.2), Апрель [Электрондық ресурс]: URL: <https://moluch.ru/archive/87/17209/> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Құсайынов А.Қ. (2023) Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі: *Әдістемелік нұсқаулықтар жинағы*. Алматы: ПҒА, 202 [Электрондық ресурс]: URL: <https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/download/45/28> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Жампеисова К.К. (2020) Қазақстан Республикасының оқушы жастарын ұлттық тәрбиелеу моделі. *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы*, 3(67), 7-15. DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.01> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Навий Л.Н., Журунтаева А.Е. (2022) Теоретические основы национального воспитания школьников. *Наука и реальность*, 1(9), 93-96 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-natsionalnogo-vospitaniya-shkolnikov> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. (2024) Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy approach: A case study on a preschool in Yogyakarta. *Heliyon*, 10, e31370 [Электрондық ресурс]: URL: <https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC11129093/> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Tohri1 A., Rasyad A., Sururuddin M., Muhammad L. (2022) The urgency of Sasak local wisdom-based character education for elementary school in East Lombok. *Indonesia Istiqlal International Journal of Evaluation and Research in Education*, 11, 1, March, 333-344 [Электрондық ресурс]: URL: <https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/21869> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Аммаева А.А. (2023) Сущность и специфика народного воспитания. *Мир науки, культуры, образования*, 3(100), 14-16 [Электрондық ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-i-spetsifika-narodnogo-vospitaniya> (өтінім берілген күні: 16.03.2025).
- Біртұтас тәрбие (2024) Біртұтас тәрбие бағдарламасы. Астана [Электрондық ресурс]: URL: https://ust.kz/word/birtutas_tarbie_bagdarlamasy_2024-398173.html (өтінім берілген күні: 16.03.2025).

References

- Tokaev K.K. (2024) Adal adam - Adal enbek - Adal tabys. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Ulttyk kuryltajdyn ushinshi otyrysynda sojlegen sozi, 15 nauryz [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-ulttyk-kuryltajdyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-sojlegen-sozi-1525727> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).
- Zhumabaev M. (2022) Pedagogika. Nur-Sultan: Izdatel'stvo, 160 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.scribd.com/document> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).
- AU (2024) Bilim beru ujymdarynda kolzhetimdi bilim beru ortasyn kalyptastyru zhane bagalau bojynsha adistemelik usynymdar. Astana: Y.Altynsarin atyndagy UBA, 200 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).
- Kozhahmetova K.Zh. (2014) Etnopedagogika: Okulyk. Almaty: Kazak universiteti, 256 [Elektrondyk resurs]: URL: <http://elib.wku.edu.kz/lib/document/KNIGI/FD28B989-4E71-4487-9240-E02D2F2CB333/> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).
- Zharykbaev K., Kaliev S. (1994) Kazaktyn talimdik oj-pikir tarihy. Almaty: Rauan, 320 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://www.myuniversity.ru> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).
- Kalybekova A.A. (2005) Teoreticheskie i prikladnye osnovy narodnoj pedagogiki kazahov: Monografiya. Almaty: BAUR, 363 [Elektrondyk resurs]: URL: https://rusneb.ru/catalog/000200_000018_RU_NLR_bibl_1255434/ (otinin berilgen kuni: 15.03.2025).
- Boleev K. (2015) Halyktyk bilimderdi okushylarga ulttyk tarbie berude pajdalanu turaly. Ulttyk tarbie, 1, 40-51 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://nabr.kz/kk/e-catalog?> (otinin berilgen kuni: 10.03.2025).

- Ospanova G.U. (2015) Bastauysh mektep okushylaryna ulttyk tarbie berudi kalyptastyru. Molodoj uchenyj: Pedagogika, 7.2(87.2), Aprel' [Elektrondyk resurs]: URL: <https://moluch.ru/archive/87/17209/> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Kusajynov A.K. (2023) Urpak tarbiesindegi kundylyktar negizi: Adistemelik nuskaulyktar zhinagy. Almaty: PFA, 202 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://bilimuba.kz/index.php/science/article/download/45/28> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Zhampeisova K.K. (2020) Kazakstan Respublikasynyn okushy zhastaryn ulttyk tarbieleu modeli. Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Pedagogika gylymdary seriyasy, 3(67), 7-15. DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.01> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Navij L.N., Zhuruntaeva A.E. (2022) Teoreticheskie osnovy nacional'nogo vospitaniya shkol'nikov. Nauka i real'nost', 1(9), 93-96 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/teoreticheskie-osnovy-natsionalnogo-vospitaniya-shkolnikov> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Sakti S.A., Endraswara S., Rohman A. (2024) Revitalizing local wisdom within character education through ethnopedagogy apporach: A case study on a preschool in Yogyakarta. Heliyon, 10, e31370 [Elektrondyk resurs]: UPL: <https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC11129093/> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Tohri1 A., Rasyad A., Sururuddin M., Muhammad L. (2022) The urgency of Sasak local wisdom-based character education for elementary school in East Lombok. Indonesia Istiqlal International Journal of Evaluation and Research in Education, 11, 1, March, 333-344 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://ijere.iaescore.com/index.php/IJERE/article/view/21869> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Ammaeva A.A. (2023) Sushchnost' i specifika narodnogo vospitaniya. Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya, 3(100), 14-16 [Elektrondyk resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/suschnost-i-spetsifika-narodnogo-vospitaniya> (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).
- Birtutas tarbie (2024) Birtutas tarbie bagdarlamasy. Astana [Elektrondyk resurs]: URL: https://ust.kz/word/birtutas_tarbie_bagdarlamasy_2024-398173.html (otinin berilgen kuni: 16.03.2025).

Проблемы национального воспитания школьников

¹Ж.Ж.Куатова, ¹К.И.Махмудова, ²Медетова Р.М.

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени У.Жанибекова (Шымкент, Казахстан)

²Национальный институт педагогики воспитания (Ташкент, Узбекистан)

Аннотация

В статье рассматривается воспитательная работа в школе который на сегодняшний день реализуется на основе «Единой воспитательной программы», авторы подчеркивают значимость использование и включение средств народной педагогики для обогащение воспитательной мероприятий Освещается пути обогащение содержания воспитательной работы средствами народного воспитания представлен механизм создания такой воспитательной среды, способствующей формированию у учащихся таких качеств, как национальное сознание, национальный дух. Статья включает анализ практического опыта внедрения программы в воспитательную работу в школе и дает оценку эффективности этих изменений на основе результатов исследований. В заключение подчеркивается значимость включение содержание воспитательной работы в школе средств народной педагогики, что способствует успешному формированию личностных качеств школьника.

Ключевые слова: национальное воспитание, традиции и обычаи, народная педагогика, национальный дух, самосознание, воспитательная работа, единая программа воспитания.

Problems of national education of school children

¹J.J.Kuatova, ¹K.I.Makhmutova, ²Medetova R.M.

¹Ө.Жанибеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (Shymkent, Kazakhstan)

²Ұлттық білім беру педагогикасы институты (Ташкент, Өзбекстан)

Abstract

The article examines educational work in schools, which is currently implemented on the basis of the "Unified Educational Program", the authors emphasize the importance of using and including the means of folk pedagogy to enrich educational activities. Highlights ways to enrich the content of educational work with the means of folk education presents a mechanism for creating such an educational environment that promotes the formation of such qualities among students as national consciousness, the national spirit. The article includes an analysis of the practical experience of implementing the program in educational work at school and provides an assessment of the effectiveness of these changes based on research results. In conclusion, the importance of including folk pedagogy in the content of educational work at school is emphasized, which contributes to the successful formation of personal qualities of a student.

Keywords: national upbringing, traditions and customs, folk pedagogy, national spirit, self-awareness, educational work, unified education program.

Поступила в редакцию: 30.01.2025

Одобрена: 05.03.2025

Первая публикация на сайте: 13.08.2025

MPHTI: 14.35.09

<https://doi.org/10.65247/3105-3432-2025-4.08>

THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN TEACHING ARTISTIC LABOR LESSONS

*¹Sh.RAUSHANBEK¹, ¹L.K.SHILDEBAYEVA

¹Korkyt Ata Kyzylorda University
(Kyzylorda, Kazakhstan)

*Rausanbeksattyk@gmail.com, lyazzatK.sh.2019@gmail.com

Abstract

This article examines the necessity and importance of using information technology in vocational education. The authors will focus on the main types of information technologies used in the educational process. In the visual arts, revealing the creative abilities of students and revealing the abilities of each of them, digital technologies become a necessary tool in the process of professional education. Digital resources and tools facilitate the learning process when creating design objects, graphic data and other creative work results, that is, they contribute to improving the quality of the educational process. Currently, education is undergoing significant changes due to the introduction of digital technologies, starting with online courses and ending with virtual classrooms. Educators and teachers have a unique opportunity to use these tools and resources to improve the effectiveness of education. Digital transformation in the learning process offers a powerful new tool that will help improve the quality of learning, improve student academic performance, and even achieve success in future career stages. This article examines the processes of digital transformation in education, analyzes current trends in the field of educational technologies, their advantages, as well as key strategies for the successful implementation of digital initiatives in educational institutions. The authors focus on the changing role of the teacher in the digital educational environment.

Keywords: technology, education, digital, educational, process, modern technologies.

Introduction

Today, the relative superiority of the countries of the world over each other is measured not by its natural resources or fossil resources, but by its human capital, knowledge, innovative technologies. In this knowledge, the brightest manifestation of human intelligence is also reflected. General education requires a qualitative change, educational institutions should expand the concept of what is the fruit of everyday labor, develop general literacy and the ability of many graduates to solve new tasks. Otherwise, in the next decade, they will not be in demand in the skilled labor market. Therefore, today the creation of digital education is one of the main priorities of national policy.

The subject of artistic work is an important area aimed at developing students' creative abilities, increasing their aesthetic taste and interest in art. However, learning by traditional methods may

sometimes not be enough for the comprehensive development of students' personal qualities, imagination. The use of digital technologies makes it possible to eliminate these shortcomings, make the educational process more interesting and effective. This process not only improves the quality of education, but also allows you to develop students' creative abilities, arouse interest and get an education that meets modern requirements. Especially in the discipline of artistic labor, the use of digital technologies is very relevant. This is because this discipline focuses creativity on the development of aesthetic taste and individuality. Digital tools and resources make the learning process more interesting and effective by offering new features such as graphics, design, multimedia and 3D modeling.

Digital learning is an educational experience that helps the learning process and gives real results. It serves not only to continue the learning process through digital educational tools, but also to further improve the quality and effectiveness of teaching. One of the biggest advantages of digital education is that resources created once can be used multiple times over generations. This saves a lot of resources and forces.

The concept of digital pedagogy is not without its difficulties. It requires the continuous professional development of educators, creates the need for critical interaction with digital content and requires the adaptation of traditional pedagogical structures. Nevertheless, the use of digital technologies in the lessons of artistic labor helps to develop students' creative abilities and acquire new skills. The relevance of this topic is high, as it is aimed at increasing the artistic abilities of students through the effective use of modern educational methods.

The obvious and important task of using digital technology in education is that it allows teachers to do their job better, collect more data on student performance, free them from repetitive assessment exercises, and provide students with instant feedback. By introducing digital technology into the educational process, it prepares students for a successful life in the future.

The purpose of the study is to study ways to improve the quality of teaching the subject of artistic labor and develop the creative potential of students through the effective use of digital technologies in the educational process.

The implementation of education through the use of digital education in the information age is the creation of a unique living environment that provides new opportunities for the implementation of educational activities:

- mobility of training (change in time and place of training);
- the ability to carry out lifelong continuing education;
- opportunities for training Students, Students, course students and professional retraining programs in the designed disciplines.

The evolution of digital pedagogy can be traced to the integration of digital tools into education. The advent of the internet and digital resources has changed the face of traditional audiences, introducing new methods of delivering content and interactive learning. Over time, educational technologies have shifted from purely complementary means to the main components of educational design, creating the need to understand the pedagogical impact of these technologies.

The scientific novelty of the study is the development and justification of innovative methods for introducing digital technologies into the educational process, aimed at improving the quality of teaching, preparing students for the requirements of the digital economy.

Main body

